

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТАУ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ

«Педагогика және психология» кафедрасы

УРБИСИНОВА А.Б.

**«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ» ПӘНІ БОЙЫНША
ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**
(«Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу өнері теориясы мен әдістемесі»
пәні бойынша
зертханалық жұмыстарын ұйымдастыруына
және оқытуына байланысты
5B010100 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»
мамандығының студенттеріне арналған
оқу-әдістемелік нұсқау)

Ақтау - 2011ж.

ӘӨЖ. 159: 378. 147 (073.8)

Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу өнері теориясы мен әдістемесі:
/Әдістемелік нұсқау.Құрастырған:Урбисина А.Б - Ш.Есенов атындағы
КМТЖИУ– Ақтау, 2011ж.-23б.

Пікір жазған: п.ғ.к., доцент М.А. Кусайнова

Әдістемелік нұсқауда «Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу өнері теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша студенттердің аудиториялық және аудиториядан тыс өздік жұмысы үшін қажетті білім жүйесі ұсынылған: сұрақтар тізбесі, зертханалық және шығармашылық тапсырмалар.

Педагогикалық мамандық студенттеріне «Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу өнері теориясы мен әдістемесі» пәнінен зертханалық сабақтарға дайындалу және орындау жолдары, әдебиеттер тізімі тұратын көмекші әдістемелік нұсқау ретінде берілген.

Бұл оқу-әдістемелік нұсқау студенттердің «Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу өнері теориясы мен әдістемесі» пәнінен алған теориялық білімін пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі балалармен сурет салу, мүсін жасау, аппликация, конструкциялау саласында жұмыс жүргізудің әдіс-тәсілдерін терең, жетік меңгеруге, кәсіби білік, дағдыларын қалыптастыру мақсатында студенттерге көмекші құрал.

Әдістемелік нұсқау педагогикалық мамандықтардың студенттерінің өзіндік жұмысына арналған.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды.

© Ш.Есенов атындағы Каспий
мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті, 2011

А л ғ ы с ө з

Бүгінгі таңдағы заман талабы өскелен ұрпақтың эстетикалық тәрбиесі мен көркемдік білімін жетілдіру қажеттілігін тудырып отыр. Балаларда әсемдікке сүйіспеншілік пен ынта өнер арқылы тәрбиеленеді. Бейнелеу өнері балаларға эстетикалық тәрбие беруді, шығармашылық тәжірибе мен балалардың эстетикалық көзқарастарын қалыптастыруды, көркемдік шығармашылықтарын дамытуды көздейді.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу өнері теориясы мен әдістемесі» пәнінің мақсаты студенттердің эстетикалық мәдениетін көтеру және мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеу өнері құралдары арқылы оқыту мен тәрбиелеудің әдістеріне үйрету.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу өнері теориясы мен әдістемесі» пәнінің міндеттері:

- студенттерге бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы әдістеріне үйрету;
- оларды ертеңгі балалар мекемелерінің қызметкерлері ретінде педагогикалық және әдістемелік әрекеттерге дайындау;
- студенттердің сурет салуда, кескіндемеде, композицияда, бейнелеу әсерлі құралдарын пайдалану дағдылары мен біліктерін қалыптастыру;
- сабақ өткізуге үйрету;
- дидактикалық материалдар жасауға үйрету.

Ұсынылған әдістемелік нұсқаулар «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының студенттеріне арналған. Оның мазмұнына зертханалық сабақтардың тақырыптары, өзін-өзі бақылау сұрақтары, практикалық сабаққа дайындық үшін тапсырмалар, ұсынылған әдебиеттер тізімі үлгісі кіреді.

Бұл әдістемелік нұсқаулар зертханалық сабақтарды өткізуге арналған.

Зертханалық (сарамандық) сабақтар

1-зертханалық жұмыс. «Бейнелеу өнері іс-әрекеті курсының пәні мен міндеттері»

Сабақтың мақсаты: Пәннің мақсаты мен міндеттері және бейнелеу өнерінің маңызын ашу. Бейнелеу іс-әрекеті түрлері сурет салу, мүсіндеу, аппликация, конструкциялауға үйрету мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене тәрбиесін берудің бірден-бір құралы екендігін ұғындыру.

Зертханалық іскерлік, дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар:

1. Балабақшадағы бейнелеу өнерінің маңызы
2. Бейнелеу өнері шығармаларының көркемдік идеясы.
3. Бейнелеу іс-әрекетіне үйрету міндеттері.
4. Программа құру принциптері.
5. Мектеп жасындағы балаларға эстетикалық тәрбие берудегі бейнелеу өнері.

Әдістемелік нұсқау:

1-2 тапсырма бойынша берілген тақырыптарға конспект дайындау. Балабақшада бейнелеу іс-әрекеті сабақтың сурет салу, мүсін жасау, аппликация және конструкциялау сияқты түрлеріне тоқталыңыз. Баланың айналадағы дүние туралы әсерлерін бейнелеуде әрқайсысының өз мүмкіндіктерін анықтаңыз. Бейнелеу әрекетінің алдында тұрған жалпы міндеттер әрбір түрдің ерекшеліктеріне, материалдың және онымен жұмыс істеу тәсілдерінің өзгешеліктеріне қарай нақтылап баяндау.

3-тапсырма бойынша Бейнелеу іс-әрекеттеріне үйрету міндеттері: нақты заттармен құбылыстарды бейнелеу процесінде қоршаған болмыстан алған өз әсерлерін дұрыс беру, ортақ мазмұнмен біріктірілген заттарды бейнелей білу, ритмді, симметрияны, түсті ескере отырып, ою-өрнек жасай білу, түрлі материалдармен жұмыс істеудің техникалық тәсілдерін түсіндіру.

4-тапсырма бойынша «Балабақшадағы тәрбие программасы»: үйретудің жалпы дидактикалық принциптері: үйретудің тәрбиелік сипаты, материалдың жеңіл болуы, жоспарлау кезінде материалды қарапайымнан күрделіге қарай материалдық қайталатындығы принциптеріне тоқталып конспект құру.

5-тапсырма бойынша. Эстетикалық тәрбие беру саласындағы Е.Флерина, Н.Ветлугина, Н.Сакулина, Г.Казакова, С.Комаровалардың еңбектеріне талдау жасау.

Теориялық талдауға ұсынылған сұрақтар:

1. Балабақшасындағы бейнелеу өнері әдістемесінің мақсатын анықтау?
2. Пәннің объектісін анықтау?
3. Бейнелеу өнерінің басқа ғылым салаларымен байланысы?
4. Мектеп жасына дейінгі балаларды бейнелеу өнерімен қалай таныстыру керек?
5. Бейнелеу өнерінің мақсаттары мен міндеттерін ашып көрсету?

6. Бейнелеу өнері түсінігіне анықтама беру?
7. Балабақшада бейнелеу іс-әрекетінің қандай түрлері бар?
8. Ақыл-ой тәрбиесі үшін бейнелеу іс-әрекетінің маңызы қандай?
9. Адамгершілік тәрбиесі үшін бейнелеу іс-әрекетінің маңызы қандай?
10. Эстетикалық тәрбие үшін бейнелеу іс-әрекетінің маңызы қандай?
11. Дене тәрбиесін дамыту үшін бейнелеу іс-әрекетінің маңызы қандай?
12. Ортақ мазмұнмен біріктірілген бірнеше заттарды бейнелей білуді дамыту міндеті дегеніміз не?
13. Ритмді симметрияны, түсті ескре отырып, ою-өрнек жасай білуді дамыту міндеті қандай?
14. Түрлі материалдармен жұмыс істеудің техникалық тәсілдерін меңгерудің маңызы қандай?
15. Программа құру принциптеріне қандай принциптерді жатқызуға болады?
16. Бейнелеу іс-әрекетіне үйретудің, тәрбиелеудің негізгі міндеті қандай?
17. Әрбір жастағы балаларға арналған бейнелеу іскерліктері мен дағдылар көлемін анықтағанда қандай принципті ескеру керек?
18. Программалық материалды қарапайымнан күрделіге қарай құру принципінде нені ескеру қажет?
19. Білімді берік меңгеруге және бейнелеу дағдыларын орнықтыруға жәрдемдесетін принципті атау.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сакулина Н.П. және Каморова Т.С. Балалар бақшасындағы бейнелеу жұмысы. Оқу құралы. А., 1978.
2. Халезова Н.Б. т.б. Балалар бақшасының пішіндеу жұмыстары. Құрал, А., 1978.
3. Богатеева З.А. Мотивы народных орнаментов в детских аппликациях. - М., 19886.
4. Халезова Н.Б., Курочкина Н.А., Пантюхина Г.Г. Лепка в детском саду. – М., 1986

Қосымша әдебиеттер:

1. Шпикалова Т.Я. Изобразительное искусство. Основы народного и декоративно-прикладного искусства. – М., 1996.
2. Программа «Изобразительного искусства» 1-4 кл. Одиннадцатилетней школы. Автор программы: Т.А. Левченко, Алматы, 1997
3. Изобразительное искусство. Методическое руководство для учителей 3 кл. Алматы, Атамұра 1997

2-зертханалық жұмыс. «Бейнелеу өнерінің теориясы, оның жанрлары»

Сабақтың мақсаты: Бейнелеу өнерінің теориясы және жанрымен бейнелеу іс-әрекетінің түрлері (кескіндеме, графика, сәулет өнері) білімдерін тиянақтау.

Зертханалық іскерлік, дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар:

1. Шетел және отандық бейнелеу өнерінің даму сатылары.

№	Шетел,	Ресей	және	Қазақстан	Суретшілердің	туындылары	және
---	--------	-------	------	-----------	---------------	------------	------

	суретшілердің аты –жөні.	оларға сипаттама.
1.		
2.		
3.		

2. Кескіндеме жанрлары (тарихи жанр, мифологиялық жанр, батальдық жанр, тұрмыстық жанр, портреттік жанр).

№	Сұрақтар	Жауабы
1	Адамның бет пішінін бейнелейтін көркем шығарма	А) автопортрет Ә) карикатура Б) портрет
2	Жазықтық бетінде бояу түрлері арқылы орындалатын көркем шығарма	А) натюрморт Ә) живопись Б) пейзаж
3	Теңіз, көл сияқты табиғат көрінісін бейнелейтін көркем шығарма	А) батальдық жанр Ә) анималистік жанр Б) маринист
4	Жан-жануарларды бейнелейтін көркем шығарма	А) живопись Ә) колорит Б) анималистік жанр

3. Бейнелеу өнеріне қосқан шеберлердің шығармалары. тауып, оларға қысқаша түсініктеме беру.

4. Келесі сөздерге анықтама бер: гравюра, эстамп, офорт, линогравюра, литография, репродукция, фон, түс, колорит, композиция.

5. Білімді бағалау мен бақылауға арналған сұрақ.

«Натюрморт»

№	Сұрақтар	Жауабы
1	Жансыз заттардан құралған өнер	А) пейзаж Ә) графика Б) натюрморт
2	Белгілі бір оқиғалармен тарихи кезеңдер бейнеленген көркем шығарма.	А) композиция Ә) тарихи жанр Б) коллаж
3	Жеке бір адамның, не белгілі бір топтың жағымсыз мінезін келеке (келемеж) қылу	А) карикатура Ә) колорит Б) ескерткіш
4	Соғыс оқиғалары бейнеленген көркем шығарма	А) батырлық жанр Ә) анималистік жанр Б) маринист жанр

Әдістемелік нұсқау:

1- тапсырма бойынша кестені толтыру.

3- тапсырма бойынша берілген сұрақты оқып, дұрыс жауаптың астын сызу.

4- тапсырма бойынша. а). шетел және отандық бейнелеу өнерінің даму сатыларын конспектілеу.

б). бейнелеу өнеріне қосқан шеберлердің шығармаларын тауып, оларға қысқаша түсініктеме беру.

5-тапсырма бойынша берілген тапсырмаларды орындау үшін бейнелеу өнерінің түрлерін оқу.

6- тапсырма бойынша берілген сұрақты оқып, дұрыс жауаптың астын сызу. Кестені толтырған кезде, берілген тапсырмаларды орындау үшін әртүрлі жас топтарында сурет салуға үйрету және олардың шығармашылықтары деген тақырыпты оқып шығу.

Теориялық талдауға ұсынылған сұрақтар:

1. Бейнелеу өнері дегеніміз не?
2. Балабақшада бейнелеу өнерінің қандай түрлері пайдаланылады?
3. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін көркем туындыларды қалай таңдау керек?
4. Бейнелеу өнерінің жалпы ұғымдары.
5. Бейнелеу өнерінің ролі.
6. Бейнелеу өнерінде қандай еңбек заттары пайдаланылады?
7. Бейнелеу өнерінің түрі ретінде кескіндемеге сипаттама беру.
8. Кескіндеменің жанрларын атап, оларға жеке-жеке тоқталу.
9. Графикалық бейнелеудің ерекшелігі неде?
10. Баладарды кітап графикасымен таныстырудың әдістері қандай?
11. Скульптураның түрлеріне тоқталу?

Негізгі әдебиеттер:

1. Венгер Л.А., Пилюгина Э.Г., Венгер Н.Б. Воспитание сенсорной культуры ребенка.-М., 1988.
2. Григорьева Г.Г. Развитие дошкольника в изобразительной деятельности.-М., 2000.
3. Гусакова М.А. Аппликация.-М., 1988.
4. Халезова Н.Б., Курочкина Н.А., Пантюхина Г.Г. Лепка в детском саду. – М., 1986

Қосымша әдебиеттер:

1. Хазарова В.М., Тяпушкина С.Ю., Тематика контрольных работ по курсу «Основы изобразительного искусства с методикой руководства изобразительной деятельностью детей школьного возраста» М., 1975.
2. Загребальная – Раупова И. Учебно- методическое пособие по изо искусству для преподавательней начальных классов средних и спец. Школ. Дет садов и худ. Студ. Алматы. Өнер. 1997.
3. Болатбаев Н., Ибрагимов И., Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. 4-сынып мұғалімдеріне арналған. Алматы, Атамұра. 2000.

З-зертханалық жұмыс. «Шетел және отандық бейнелеу өнерінің даму сатылары»

Мақсаты: Батыс өнерінің даму кезеңдері. Орыс бейнелеу өнері. Қазақстан өнерінің дамуын ашу.

Зертханалық іскерлік, дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар:

1. Бейнелеу өнерінің даму кезеңдері:

№	Шетел және отандық бейнелеу өнерінің даму сатылары	Бейнелеу өнерінің түрлері және оның өкілдері
1	Ежелгі Египет және Рим империясының өнері	
2	Орыс бейнелеу өнері	
3	Орта Азия өнері	
4	Қазақстанның бейнелеу өнері	
5	Қазақстанның дәстүрлі қол өнері	

2. Эстетикалық тәрбие беру саласындағы Е.Флерина, Н.Ветлугина, Н.Сакулина, Г.Казакова еңбектері. С.Комаровалардың еңбектері.

3. Қазақстандағы қазіргі сәулет өнері. .

4. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері.

Киім үшін қажетті материал	Әйелдердің киімі	Ерлер киімі	Әйел, ер адам бас киімдері	Әшекей бұйымдар

Әдістемелік нұсқау.

1-тапсырма бойынша жұмысты орындау барысында бейнелеу өнерінің әртүрлі тарихи кезеңдерін кесте түрінде көрсетіңіз: тақырыпты барынша терең түсіну үшін ұсынылған әдебиеттерге ерекше назар аудару;

2-тапсырма бойынша Эстетикалық тәрбие беру саласындағы еңбектерге талдау жасау.

3-тапсырма бойынша Қазақстан жас мүсіншілері мен суретшілерінің шығармалары мен қазақтың халық сәндік-қолданбалы өнерінің өзіндік ерекшелігіне тоқталып шағын мәтіндік тапсырмалар құрастыру.

4-тапсырма бойынша: а). Кестені толықтырыңыз.б).Топтардың біріне сәндік-қолданбалы өнерді таныстыру жөнінде сабақ конспектісін даялау. (Хохлама, гжель, Городец, Жостова – қолтаңбалары, Дымков, Филимонова – ойыншықтары, матрешка және т.б.)

Теориялық талдауға ұсынылған сұрақтар:

1. Бейнелеу өнерінің дамуындағы негізгі бағыттарды көрсету.
2. Бейнелеу өнерінің тарихи сипатына тоқталу.
3. Батыс Еуропа өнерінің дамуына кімдер үлес қосты?
4. Қайта өрлеу дәуірінің өнері Леонардо Да Винчи, Микеланджело Буаноротти, Рафаэль Сантидің бейнелеу өнеріне қосқан үлестері.
5. Қайта өрлеу дәуірінде бейнелеу өнерінің қандай түрі дами бастады.
6. Шетел және отандық бейнелеу өнерінің даму сатылары.
7. Бейнелеу өнеріне қосқан шеберлердің шығармаларын білесіз?
8. Қазақстандағы суретшілерді атау.
9. Қайта өрлеу дәуірінде бейнелеу өнерінің дами бастаған түрін көрсетіңіз.

10. Батыс өнерінің ерекшеліктеріне сипаттама беру.
11. Орыстың қазіргі бейнелеу өнеріне үлес қосқан адамдарды атап өту?
12. Ә.Қастеев, А.Ғалымбаева, Г.Исмаилова, К. Тельжанов т.б. мүсіншілер мен суретшілердің туындыларына сипаттама беру.
13. И.И.Шишкиннің еңбектеріндегі табиғат көрінісі.
14. Қазақстан суретшілері мен мүсіншілері.
15. Г.Исмайлованың шығармаларындағы образдардың ұлттық сипаттары.
16. В.В.Верещагиннің өмірі мен қызметін баяндау.
17. И.И.Левитанның психологиялық және адамдық живописін талдау.
18. Соңғы уақытта Қазақстанда кең жайылып отырған қол өнері саласында еңбек сіңірген адамдарды атау.
19. Қай жылы Алматыда қазақ қолөнері алғаш жұмыс істей бастады?
20. Қазақстандағы суретшілерді атау.
21. Соңғы жылдағы қазақ өнерінің өзгерістері.
22. Қазақ өнеріндегі ерекше туындыларды атау.
23. Қазақстанның ұлттық мәдени қазыналарына тарихи шолу.
24. Халықтың сәндік - қолданбалы өнерінің эстетикалық тәрбиедегі көрінісі
25. Қазақ халқының дәстүрлі сәндік қолөнері (кілем тоқу, тұрмыс заттары, ұлттық киімдер мен құрал-саймандар).
26. Қазақстанда бейнелеу өнерінің тамыры қай дәуірден басталады?
27. Дасыбай және Ұлытау тастарында ойып салған суреттерде не мүсінделген?
28. Тастағы таңбаларға бейнеленген суреттерден нені байқауға болады?
29. Мәдениетіміздің кең құлаш жайып дамуына не себеп болды?
30. Қазақ халқы сонау ерте заманда күнделікті еңбек қызметінде өзінің қолданбалы өнерін қалай дамытып отырды?
31. Қыздарды қолөнердің қандай түрлеріне баулу?
32. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып, қиып алған үлгіні не деп атайды?
33. Өрнек дегеніміз не?
34. Қазақтар талды, сүйекті, металды, сазды, теріні, шыныны халық өнерінде қалай қолданған?
35. Ғалымдар барлық өрнек түрлерін қандай топтарға бөледі?

Негізгі әдебиеттер:

1. Конышева Н.М. Аппликация. – М., 1988
2. Сергеева Д.В. Взаимосвязь занятий по конструированию и ручному труду // Нравственное-трудовое воспитание в детском саду/ Под.Ред.Р.С.Буре. – М., 1987.
3. Сергеева Д.В. Воспитание ребенка дошкольника в процессе трудовой деятельности. М., 1987
4. Халезова Н.Б., Курочкина Н.А., Пантюхина Г.Г. Лепка в детском саду. – М., 1986

Қосымша әдебиеттер:

1. Изобразительное искусство. Методическое руководство для учителей 3кл. Алматы, Атамұра 1997

2.Хазарова В.М., Тяпушкина С.Ю., Тематика контрольных работ по курсу «Основы изобразительного искусства с методикой руководства изобразительной деятельностью детей школьного возраста» М.,1975.

3.Загребальная – Раупова И.Учебно- методическое пособие по изо искусству для преподавательей начальных классов средних и спец. Школ. Дет садови худ. Студ. Алматы. Өнер.1997.

4-зертханалық жұмыс.Бейнелеу іс-әрекетіне үйрету әдістерінің дамуына қысқаша шолу

Мақсаты: Балалардың жаңа жағдайдағы даму ерекшеліктерін зерттеу, оқу құралдарын жасау, жетік кадрлар даярлау жолында бейнелеу іс-әрекетіне үйрету мазмұны, балабақша мен мектепте көркемдік тәрбие беру міндеттерінің сабақтастығы, балаларға арналған көркем материалдарға қойылатын талаптар, көркемдік-творчестволық қабілеттерді дамыту әдіс-тәсілдерін талдау.

Зертханалық іскерлік, дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар:

1. Бейнелеу өнеріне үйретудің әдістері мен тәсілдері.
2. Үйретудің сөздік әдістері мен тәсілдері.
3. Үйретудің ойындық тәсілдері.
4. Үйретудің техникасы.

Әдістемелік нұсқау

1-тапсырма бойынша бейнелеу өнерінің әдістері мен тәсілдерін жіктеп кесте құрастыру.

2-тапсырма бойынша үйретудің сөздік әдістері мен тәсілдеріне мысал келтіру

3-тапсырма бойынша үйретудің ойындық тәсілдерін әр жастағы балаларға үйретудің ерекшеліктеріне тоқталу.

4-тапсырма бойынша Паралонмен, матамен сурет салу. Түтікше болып оралған матаны пайдалану. «Саусақты живопись». Монотопия. Сиқырлы сурет. Сулы қағазға сурет салу. Шашырату. Щеткамен жұмыс. Коллаж. Түтіктегі бояумен сурет салу. Ауқымды аппликация. Сия тамшысындағы «кляксография» Нүктелі сурет. Мыжырылған қағазға сурет салу –Сурет қою бояумен қағаз бетіне сурет салу. Сурет жаңбыр тұман астындағы бейне тәрізді. Желіммен сурет салу. Жіп арқылы сурет салу. Жұмысты орындау барысында бейнелеу өнерінің әдістері мен тәсілдерінің жіктелуі негізіне ерекше назар аударыңыз; тақырыпты барынша терең түсіну үшін ұсынылған әдебиеттерді оқып, қалаған тақырыпта сурет салу.

Теориялық талдауға ұсынылған сұрақтар:

- 1.Үйретудің көрнекі әдіс-тәсілдері дегеніміз не?
2. Натураны пайдалану дегеніміз не?
3. Мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс жасауда натураның қандай ерекшеліктерін білу?
4. Натура ретінде ойыншықтарды пайдаланудың себебін түсіндіру.
5. Сабақ барысында үлгіні қарап шығу әдіс-тәсілінің маңызына тоқталу.

6. Үлгіні пайдалануды үйрету тәсіліне жатқыза аласыз ба?
7. Картиналарды пайдаланудың маңызы қандай?
8. Тәрбиешінің жұмыс істеу тәсілін қалай көрсетуге болады?
9. Балалар жұмыстарын талдауды қалай ұйымдастыруға болады?
10. Үйретудің сөздік әдістері мен тәсілдеріне қандай әдістер жатады?
11. Әңгімелесудің мақсаты қандай?
12. Әңгімелесу әдісін неше жастағы балаларға қолданады?
13. Әңгімелесу әдісін неше минут пайдалану керек?
14. Көркем әдебиет образдарын пайдалану әдісінің маңызы неде?
15. Тәрбиешінің сабақ процесіндегі нұсқаулары мен түсіндірмелері тәсілдері қалай жүргізіледі?
16. Үйретудің ойындық тәсілін бейнелеу іс-әрекетінде пайдаланудың маңызы қандай?
17. Ойындық тәсілдерді әр жастағы балаларға өткізуде мысалдар арқылы түсіндіру.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сакулина Н.П. және Каморова Т.С. Балалар бақшасындағы бейнелеу жұмысы. Оқу құралы. А., 1978.
2. Халезова Н.Б. т.б. Балалар бақшасының пішіндеу жұмыстары. Құрал, А., 1978.
3. Богатеева З.А. Мотивы народных орнаментов в детских аппликациях. - М., 19886.
4. Халезова Н.Б., Курочкина Н.А., Пантюхина Г.Г. Лепка в детском саду. – М., 1986

Қосымша әдебиеттер:

1. Шпикалова Т.Я. Изобразительное искусство. Основы народного и декоративно-прикладного искусства. – М., 1996.
2. Программа «Изобразительного искусства» 1-4 кл. Одиннадцатилетней школы. Автор программы: Т.А. Левченко, Алматы, 1997
3. Изобразительное искусство. Методическое руководство для учителей 3 кл. Алматы, Атамұра 1997
6. Болатбаев Н., Ибрагимов И., Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. 4-сынып мұғалімдеріне арналған. Алматы, Атамұра. 2000.

5-зертханалық жұмыс. Әр түрлі жас топтарында бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыру.

Сабақтың мақсаты: Бейнелеу іс-әрекеттері жөнінде білім беру міндеттерін дұрыс шеше білуге, ұйымдастыруға, түрлі типтегі сабақтарды жүйелі түрде ұштастыруды ойластыра білу.

Зертханалық іскерлік, дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар:

1. Бейнелеу іс-әрекеті жөнінде сабақтардың типтері.
2. Сабақты ұйымдастыру.
3. Сабақтан тыс бейнелеу іс-әрекеті.
4. Кезекшілікті ұйымдастыру.

Әдістемелік нұсқау.

1- тапсырма бойынша бейнелеу іс-әрекетінің сабақтарының типтеріне тоқтала отырып, балалар жұмыстарының қалай сақталатынын, олардың қалай безендірілгенін, сабақтың өткізілген уақытын, қатысқан балалардың санын, сабақты кімнің жүргізгені, балалардың сурет салудағы, мүсін жасаудағы, қиюдағы жетістіктері туралы түсінік беру.

2- тапсырма Мектепке дейінгі балаларға сабақты ұйымдастырумен бірге гигиеналық талаптар, шығармашылық көңіл-күйді сақтаудың бала ықыласына пайдалы екенін талдау және жұмысты орындау барысында балабақшада бейнелеу өнеріне пайдаланылатын құралдар мен жабдықтарға қойылатын талаптарға тоқталу.

3- тапсырма бойынша а).Естиярлар, ересектер, мектеп алды топтарындағы балалардың өз бетімен бейнелеу іс-әрекетін бақылау және өздеріңіздің бақылағандарыңызды күнделіктеріңізге жазу. Мыналарды ескерткен жөн:

ә). Бейнелеу іс-әрекетінің қандай түрлерін балалар жоғары бағалайды?

б). Сабақтан тыс сурет салумен, мүсіндеумен, аппликациямен, құрастырумен қанша бала шұғылдана алады?

в). Өз бетімен көркемдік іс-әрекетке басшылық көрсетудегі тәрбиешінің рөлі қандай?

с). Сабақтан тыс бейнелеу іс-әрекетінде балалардың жасаған аппликациясын, мүсіндеуін, суреттерін жинап алыу және оны талдау.

д). Сабақтан тыс бейнелеу іс-әрекеті үшін қажетті құрал-жабдықтардың түрлерін атау.

е). Сурет салу, мүсіндеу, аппликациялау сабақтары бойынша өзіндік іс-әрекетке ауыстыру мақсаты, бағдарламалық міндеттері мен мазмұнына тоқталу.

4-тапсырма бойынша балабақшада кезекшілермен сабаққа дайындық жөніндегі міндеттердің бөлінуін сипаттау.

Теориялық талдауға ұсынылған сұрақтар:

1. Бейнелеу іс-әрекеті жөнінде сабақтар неше типке бөлінеді?

2. Тәрбиеші ұсынған тақырыпқа сабақтарды қалай өткізеді?

3. Өткен материалды қайталау сабағының балалар алған білімдерді, шеберліктер мен дағдыларды орнықтырудағы маңызы қандай?

4. Бала тандап алған тақырыпқа сабақ өткізу кезінде, балалардың дербестігін, инициативалары мен творчестволық қабілеттерін дамытудың жолдары қандай?

5. Сабақты ұйымдастыру уақыттары қандай?

6. Сабақ өткізуге қойылатын гигиеналық талаптар қандай?

7. Сабаққа даярлық кезіндегі тәрбиешінің жоспары қандай болуы керек?

8. Сабақтың басталуы мен аяқталуына дейінгі тәрбиешінің творчестволық атмосфераны сақтауының жолдары қандай?.

9. Тәрбиешінің сабақ барысындағы басшылығы қандай болуы керек?

10. Әр түрлі жас топтарында сабақты ұйымдастырудың жолдары қандай?

11.Сабақтан тыс бейнелеу іс-әрекетін қалай ұйымдастыруға болады?.

12. Өз бетімен бейнелеу іс-әрекетінің мазмұны

13. Өз бетімен іс-әрекетіне басшылық.

14. Сабақтан тыс іс-әрекеттің формасы, түрлері және мазмұны қандай?
15. Сабақтан тыс бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыруда құрал-жабдықтардың рөлі қандай?
16. Өз бетімен бейнелеу іс-әрекеті мен көркем іс-әрекеттің басқа түрлерінің арасында қандай байланыс туатынын анықтау?
17. Өз бетімен бейнелеу іс-әрекетінде педагогикалық басшылықтың ерекшелігі неде?
18. Балалар өз бетінше бейнелеу іс-әрекетімен қанша уақыт шұғылдана алады?
19. Балалар өз бетінше бейнелеу іс-әрекетімен айналысу кезінде қандай әрекеттер орындайды?
20. 6-7 жастағы балалар «дүкен» ойынын ұйымдастырғысы келсе қандай тамақтар қажет?

Негізгі әдебиеттер:

1. ВенгерЛ.А., Пилюгина Э.Г., Венгер Н.Б. Воспитание сенсорной культурыребенка.-М., 1988.
2. Григорьева Г.Г. Развитие дошкольника в изобразительной деятельности.-М., 2000.
3. Гусакова М.А.Аппликация.-М.,1988.
4. Халезова Н.Б., Курочкина Н.А.,Пантюхина Г.Г.Лепка в детском саду. – М., 1986

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Хазарова В.М., Тяпушкина С.Ю., Тематика контрольных работ по курсу «Основы изобразительного искусства с методикой руководства изобразительной деятельностью детей школьного возраста» М.,1975.
- 2.Загребальная – Раупова И.Учебно- методическое пособие по изо искусству для преподавательей начальных классов средних и спец. Школ. Дет садови худ. Студ. Алматы. Өнер.1997.
- 3.Болатбаев Н., Ибрагимов И., Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. 4-сынып мұғалімдеріне арналған. Алматы, Атамұра. 2000.

6-зертханалық жұмыс. Әртүрлі жас топтарында сурет салуға үйрету және олардың шығармашылықтары.

Сабақтың мақсаты: Балалардың айнала қоршаған тіршілікті тануына көмектесу, олардың аңғарымпаздығын дамыту, сұлулықты сезінуге тәрбиелеуіне бейнелеу тәсілдеріне үйрете отырып балалардың жас ерекшелігіне сәйкес келетін бейнелеу құралдарының көмегімен әртүрлі заттардың анық, айқын образын жасау үстіндегі творчестволық қабілетін қалаптастыруда жүзеге асыруға болатындығын меңгерту.

Зертханалық іскерлік, дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар:

1. Жекелеген заттардың суретін салу.
2. Сюжетті сурет салуға үйретудің міндеттері мен мазмұны.
3. Балабақшада декоративті сурет салуға үйретудің міндеттері.
4. Балабақшада жас топтарына қарай сурет салуға үйретудің әдіс-тәсілдері.

Әдістемелік нұсқау.

1- тапсырма бойынша бірінші кішкентайлар тобына түсті сезіне білу қабілетін дамытуға аналған «Қар жауып тұр», «Елкадағы оттар», «Шөп өсіп тұр» «Аспандағы жұлдыздар» тақырыптарына – қылқаламмен жұмыс жасау нәтижесінде алынатын сызықтар, дақтар тәрізді жеңіл формаларды меңгерту мақсатында сурет салу. Екінші кішкентайлар тобына Е.А.Флеринанаң системасы бойынша сурет салуға ойындық жаттығулар. «Жіпті шумақтап төгу» «Қар, жаңбыр, шыбын» «Жолдар, ленточкалар», «Бағаналар, таяқшалар», «Клеткалар» «Доптар, шариктер» «Хат жазамын», «Терезелер, кітапшалар» суреттерін салу. Естиярлар тобына ара қашықтықты ескере отырып «доп», «алма», «жалау», «аққала» «шырша» суретін салу. Ересек тобындағы балалардың техникалық дағдыларды жетілдіру мақсатында аңыз кейіпкерлерін және өздері көрмеген жануарлардың натураға қарап екі түрлі формасы мен түсі ұқсамайтын алманың сортын, дөңгелек формадағы қызылша мен шалқанның суретін салу. Бейнелеудегі икемділік пен дағдыларға үйрету аяқталған мектеп жасына дейінгі балаларға Қисық өскен ағаш, кәрі және жас ағаш, қос дінді ағаш, бұтақтары төмен салбыраған ағаш, жөке ағаштарының жіңішке бұтақтары параллель орналасқан, ертегі аңыз-кейіпкерлері «Тоты құс», «Мыстан кемпір» т.б суреттерін салу.

Теориялық талдауға ұсынылған сұрақтар:

1. Жекелеген заттардың суретін салуға үйрету барлық топтарға ортақ міндеттері қандай?
2. Бірінші кішкентайлар тобындағы балаларды сурет салуға үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?
3. Екінші кішкентайлар тобындағы балаларды сурет салуға үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?
4. Естиярлар тобындағы балаларды сурет салуға үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?
5. Ересектер тобындағы балаларды сурет салуға үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?
6. Мектепке даярлық тобындағы балаларды мектепке үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?
7. Сюжетті сурет салуға үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?
8. Естиярлар тобындағы балаларды сурет салуға үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?
9. Ересек тобындағы балаларды сурет салуға үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?
10. Мектепке даярлық тобындағы балаларды сурет салуға үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?
12. Балабақшада балаларды декоративті сурет салуға үйретудің міндеттері қандай?
13. Естиярлар тобындағы балаларды үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?
14. Ересектер тобындағы балаларды үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?

15. Мектепке даярлық тобындағы балаларды үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?

16. Балабақшада жас топтарына қарай сурет салуға үйретудің әдістері қандай?

Негізгі әдебиеттер:

1. Коньшева Н.М. Аппликация. – М., 1988

2. Сергеева Д.В. Взаимосвязь занятий по конструированию и ручному труду // Нравственное-трудовое воспитание в детском саду/ Под.Ред.Р.С.Буре. – М., 1987.

3. Сергеева Д.В. Воспитание ребенка дошкольника в процессе трудовой деятельности. М., 1987

4. Халезова Н.Б., Курочкина Н.А., Пантюхина Г.Г. Лепка в детском саду. – М., 1986

Қосымша әдебиеттер:

1. Изобразительное искусство. Методическое руководство для учителей 3 кл. Алматы, Атамұра 1997

2. Хазарова В.М., Тяпушкина С.Ю., Тематика контрольных работ по курсу «Основы изобразительного искусства с методикой руководства изобразительной деятельностью детей школьного возраста» М., 1975.

3. Загребальная – Раупова И. Учебно-методическое пособие по изо искусству для преподавательской начальных классов средних и спец. Школ. Дет садов и худ. Студ. Алматы. Өнер. 1997.

7-зертханалық жұмыс. «Әртүрлі жас топтарында мүсіндеуге үйрету және олардың шығармашылықтары»

Сабақтың мақсаты: Скульптура (мүсін) және оның ерекшеліктерін, мүсіндеуге арналған материалдар мен құралдарды пайдалану арқылы мүсіншінің образдар жасау шеберлігін, кеңістікте орналасатындығын меңгерте отырып, балабақшада балалардың жас мөлшеріне қарай мүсіндеуге үйретудің әдіс-тәсілдерін үйрету.

Зертханалық іскерлік, дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар:

1. Скульптура-бейнелеу өнерінің бір түрі.

2. Мүсіндеуге арналған материалдар мен құралдар.

3. Мүсіндеудің түрлері (Жекелеген заттарды мүсіндеу, Сюжетті мүсіндеу, декоративті мүсіндеу).

4. Әр жас мөлшеріндегі балаларды мүсіндеуге үйретудің әдістері.

Әдістемелік нұсқау.

2-тапсырма бойынша белгілі бір бағдарламалық мазмұнға байланысты мүсін жасау үшін тақырып нұсқасын таңдап алу.

3-тапсырма бойынша ересектер тобында, Сабақтың тақырыбы: «Таба нан», «Тізілген моншақтар» мүсіндеу сабағына талдау жасау: Ересектер мен мектепке

даярлық топтарынында декоративті безендіру және сюжетті мүсіндеуге қалаған тақырыбына бір тапсырма орындау.

4-тапсырма бойынша әр түрлі топтарда сабақтарды жүргізу әдістемесінде мүсін жасаудың түрлері бойынша түсіндіру.

Теориялық талдауға ұсынылған сұрақтар:

1. Скульптура мазмұнының ерекшелігі қандай?
2. Балалардың мүсін жасаудағы бейнелеу құралдарына сипаттама беру.
3. Мүсіндеудің қандай түрлерін білесің?
4. Жекелеген заттарды мүсіндеу дегеніміз не?
5. Бірінші кішкентайлар тобында балаларды мүсіндеуді үйретудің міндеттері қандай?
6. Екінші кішкентайлар тобында балаларды мүсіндеуді үйретудің міндеттері қандай?
7. Естиярлар тобындағы балаларды мүсіндеуге үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?
8. Ересек тобындағы балаларды мүсіндеуге үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?
9. Мектепке даярлық тобындағы мүсіндеуге үйретудің міндеттері мен мазмұны қандай?
10. Сюжетті мүсіндеу дегеніміз не?
11. Ерекес тобындағы балаларға сюжетті мүсіндеуді үйретудің міндеттері мен мазмұны.
12. Ерекес тобындағы балаларға сюжетті мүсіндеуді үйретудің міндеттері мен мазмұны.
13. Декоративті мүсіндеу жұмыстарына сипаттама беру.
14. Бірінші кішкентайлар тобындағы балаларға мүсіндеу жұмыстарын үйрету әдістері.
15. Екінші кішкентайлар тобындағы балаларға мүсіндеу жұмыстарын үйрету әдістері.
16. Естиярлар тобындағы балаларға мүсіндеу жұмыстарын үйрету әдістері.
17. Ересектер тобындағы балаларға мүсіндеу жұмыстарын үйрету әдістері.
18. Мектепке даярлық тобындағы балаларға мүсіндеу жұмыстарын үйрету әдістері.

Негізгі әдебиеттер:

1. Сакулина Н.П. және Каморова Т.С. Балалар бақшасындағы бейнелеу жұмысы. Оқу құралы. А., 1978.
2. Халезова Н.Б. т.б. Балалар бақшасының пішіндеу жұмыстары. Құрал, А., 1978.
3. Богатеева З.А. Мотивы народных орнаментов в детских аппликациях.-М., 19886.
4. Халезова Н.Б., Курочкина Н.А., Пантюхина Г.Г. Лепка в детском саду. – М., 1986

Қосымша әдебиеттер:

1. Шпикалова Т.Я. Изобразительное искусство. Основы народного и декоративно-прикладного искусства. – М., 1996.
2. Программа «Изобразительного искусства» 1-4 кл. Одиннадцатилетней школы. Автор программы: Т.А.Левченко, Алматы, 1997
3. Изобразительное искусство. Методическое руководство для учителей 3 кл. Алматы, Атамұра 1997

8-зертханалық жұмыс. «Әртүрлі жас топтарында жапсырмалауға үйрету және олардың шығармашылықтары»

Сабақтың мақсаты: Аппликация-негізгі фонға декоративтік немесе тақырыптық формалардағы қиындыларды жапсыру арқылы әр түрлі заттарды көркем безендіру үшін қолданылатын қолөнердің бірі екендігі жөніндегі білімін тиянақтай отырып, балалардың белгілі түстерге боялған дайын формаларды қолдануларына, сондай-ақ ою-өрнек элементтерін, сюжеттік бейнелер т.с.с. кесу арқылы композициялар құру бейнелеудің шеберлігі мен дағдының қалыптасуына, творчестволық қабілетінің дамуының бірден-бір құралы екендігін ұғындыру және балалардың түсініктерін дамытуға негізделген форма, көлем, түс, айналадағы заттардың әр түрлі өзара арақатынастары туралы түсініктерінің кеңеюіне әр жастағы балаларға жапсыру жұмыстарын үйретудің әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктерін қолдана білуге үйрету.

Зертханалық іскерлік, дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар:

1. Аппликация бейнелеу өнерінің декорациялық түрі және мектеп жасындағы балалар іс-әрекетінің бір түрі.
2. Балабақшадағы аппликация түрлері.
3. Затты бейнелеуге қажетті білімдер, іскерліктер мен дағдылар.
4. Сабақтас мазмұнды бейнелеу үшін қажетті білім, шеберлік пен дағдылар
5. Сурет салу, мүсін жасау, аппликация техникасы жөніндегі білім, іскерліктер мен дағдылар.

Әдістемелік нұсқау.

1-тапсырма бойынша кестені толтырыңыз:

№	Бейнелеу іс-әрекетінің принциптері	Олардың сипаттамасы және мысал келтіру
1		
2		

2-тапсырма бойынша аппликацияны үйренудің негізгі міндеттерін, кесудің негізгі әдістерін, желімдер жапсырудың негізгі әдістерін талдап, қажетті құралдарды кестеге түсіру.

3-тапсырма бойынша кішкентайлар тобында балалармен жұмыс істеу үшін трафареттер жиынтығын жасау. Кейбір ойыншықтардың силуэттері мен геометриялық фигураларды қию.

5-тапсырма бойынша: а). Әр түрлі декорациялық жұмыстар үшін трафареттер жиынтығын жасау.

б). Естиярлар, ересектер, мектепке даярлау тобындағы балаларға жеңіл болатын кесу тәсілдерін қолданып бағдарламада көрсетілген (жастарына сәйкес) тапсырмаларды орындау.

с). Әр түрлі декорациялық жұмыстар үшін трафареттер жиынтығын жасау.

д). Заттың пішіні, силуэті, конструкциясы айқын көрініп тұратын әр түрлі иллюстрациялар мен картинкаларды тандау.

Жұмысты орындау барысында әртүрлі жас топтарында жапсырмалауға үйрететін міндеттеріне ерекше назар аудару; тақырыпты барынша терең түсіну үшін ұсынылған әдебиеттерді қарастыру.

Теориялық талдауға ұсынылған сұрақтар:

1. Апликация дегеніміз не?

2. Апликацияны орындау кезінде керекті материалдар мен құралдарға сипаттама беру. Балалар бақшасында бейнелеу іс-әрекеті бағдарламасы қандай міндеттерді шешуді көздейді?

3. Бағдарламаны өту процесінде балаларға қандай білім беріледі?

4. Бейнелеу іс-әрекеті бағдарламасы өзіндік ерекшелігіне сәйкес неше түрге бөлінеді және қандай?

5. Екінші кішкентайлар тобындағы апликацияны үйретудің міндеттері қандай?

6. Естиярлар тобындағы апликацияны үйретудің міндеттері қандай?

7. Ересектер тобындағы апликацияны үйретудің міндеттері қандай?

6. Мектепке даярлық тобындағы апликацияны үйретудің міндеттері қандай?

7. Балабақшадағы екінші кішкентайлар тобына апликацияны үйретудің әдіс-тәсілдері қандай?

8. Балабақшадағы естиярлар тобына апликацияны үйретудің әдіс-тәсілдері қандай?

9. Балабақшадағы ересектер тобына апликацияны үйретудің әдіс-тәсілдері қандай?

10. Мектепке даярлық тобына апликацияны үйретудің әдіс-тәсілдері қандай?

11. Затты бейнелеуге қандай білімдер, іскерліктер мен дағдылар қажет?

12. Сабақтас мазмұнды бейнелеу үшін қандай шеберлік қажет?

13. Салыстырмалы көлем және заттардың орналасу жағдайы деген не?

14. Декорациялық іс-әрекеттегі білім, іскерлік, дағды дегеніміз не?

15. Сурет салуда, мүсін мен апликация жасаудағы қажетті білім, іскерлік пен дағдыны қалай қалыптастыруға болады?

Негізгі әдебиеттер:

1. Венгер Л.А., Пилюгина Э.Г., Венгер Н.Б. Воспитание сенсорной культуры ребенка.-М., 1988.

2. Григорьева Г.Г. Развитие дошкольника в изобразительной деятельности.-М., 2000.

3. Гусакова М.А. Апликация.-М., 1988.

4. Халезова Н.Б., Курочкина Н.А.,Пантюхина Г.Г.Лепка в детском саду. – М., 1986

Қосымша әдебиеттер:

1.Хазарова В.М., Тяпушкина С.Ю., Тематика контрольных работ по курсу «Основы изобразительного искусства с методикой руководства изобразительной деятельностью детей школьного возраста» М.,1975.

2.Загребальная – Раупова И.Учебно- методическое пособие по изо искусству для преподавательей начальных классов средних и спец. Школ. Дет садови худ. Студ. Алматы. Өнер.1997.

3.Болатбаев Н., Ибрагимов И., Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. 4-сынып мұғалімдеріне арналған. Алматы, Атамұра. 2000.

9-зертханалық жұмыс. «Мектеп жасына дейінгі балалардың конструкциялау іс-әрекеттерінің ерекшеліктері.

Сабақтың мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың конструкциялау іс-әрекетінің ерекшеліктерін, түрлерін, баланың жеке басын қалыптастырудағы конструкциялаудың маңызын, бағдарламадағы негізгі міндеттері мен талаптарына сүйене отырып, бағдарламаның мазмұнын анықтауда оқу тапсырмаларын күрделендіріп, конструкторлық тапсырмаларды өз бетімен шешу қабілеттілігін жетілдіруге, балаларды бар тәжірибеге сүйеніп, жұмыс істейтін материалға үйретудің негізгі әдіс-тәсілдерін меңгерте отырып, конструкциялауда шеберліктер мен дағдыларға тәжірибемен байланыстыру.

Зертханалық іскерлік, дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың конструкциялау іс-әрекеттерінің ерекшеліктері.

2. Балабақшадағы конструкциялаудың түрлері.

3. Баланың жеке басын қалыптастырудағы конструкциялаудың маңызы.

4. Балабақшадағы конструкциялаудың бағдарламасы.

5. Конструкциялауға үйретудің негізгі тәсілдері.

6. Балабақшадағы конструкциялаудың мазмұны.

Әдістемелік нұсқау.

1-тапсырма бойынша әрбір жас тобы бойынша конструкциялау сабағының үлгілерін жасау.

2-тапсырма бойынша. Қағаз пластика техникасысын қолдану мен ұсақ-түйек жұмысты орындау.Жұмысты орындау үшін әртүрлі жас топтарындағы құрастыру, үйрету үлгілерін ұсынылған әдебиеттерден оқу.

4-тапсырма бойынша. Ересектер тобында конструкциялауға үйретудің әдістері мен тәсілдерін кесте ретінде көрсету.

5-тапсырма бойынша. Әр түрлі құрылыс бөлшектерінен, үлгі жиынтықтардан жасалған немесе суреттегі, фотографиялардағы құрылыстарды талдау.

6-тапсырма бойынша. Табиғи материалдар арқылы бір зат жасау.

Теориялық талдауға ұсынылған сұрақтар:

1. Конструкциялау іс-әрекетіне қандай материалдар жатады?
2. Конструкциялау ерекшеліктері қандай?
3. Конструкциялаудың баланың жеке басын қалыптастырудағы маңызы қандай?
5. Балабақшада конструкциялаудың түрлеріне сипаттама беру.
6. Балабақшадағы бағдарламада баланың іс-әрекеттеріне үйрену мен басшылық жасауда қандай міндеттер қойылады?
7. Конструкциялауға үйретудің негізгі тәсілдері қандай?
8. Ересек тобындағы балаларды қағаздан құрастыруға үйрету мазмұнында жаңалық бар ма?
9. Ересек тобындағы балалармен жұмыста тәрбиеші қағаздан құрастыруға үйретудің қандай әдістері мен тәсілдерін пайдаланады?
10. I-ші сәбилер тобында балаларды конструкциялауға үйретудің міндеттері қандай және II – ші сәбилер тобындағы балаларды үйрету кезінде олар қалай күрделенеді?
11. Бірінші кішкентайлар тобындағы конструкциялаудың өзгешелігі қандай?
12. Екінші кішкентайлар тобындағы конструкциялаудың өзгешелігі қандай?
13. Естияр және ересектер тобындағы балаларды құрылыс материалынан, қағаздан, табиғи жабдықтардан конструкциялауға үйретуде қандай әдістер мен тәсілдер барынша тән болып табылады?
14. Ересек тобындағы балаларды қағаздан құрастыруға үйрету мазмұнында жаңалық бар ма?
15. Ересек тобындағы балалармен жұмыста тәрбиеші қағаздан құрастыруға үйретудің қандай әдістері мен тәсілдерін пайдаланады?
16. Мектеп алды даярлау тобындағы балаларды конструкциялауға үйретудің міндеттері қандай?
17. Мектепке дейінгі жастағы кішкентай балаларды конструкциялауға үйретудің негізгі тәсілдері қандай?
18. Әрбір жас тобы үшін бағдарламалық талаптар.
19. Әрбір жас тобы үшін оқытудың тәсілдері мен әдістері.
20. Балалар бақшасында жабдықтар қандай және қалай пайдаланылады?

Негізгі әдебиеттер:

1. Коньшева Н.М. Аппликация. – М., 1988
2. Сергеева Д.В. Взаимосвязь занятий по конструированию и ручному труду // Нравственное-трудовое воспитание в детском саду/ Под.Ред.Р.С.Буре. – М., 1987.
3. Сергеева Д.В. Воспитание ребенка дошкольника в процессе трудовой деятельности. М., 1987
4. Халезова Н.Б., Курочкина Н.А., Пантюхина Г.Г. Лепка в детском саду. – М., 1986

Қосымша әдебиеттер:

1. Изобразительное искусство. Методическое руководство для учителей 3 кл. Алматы, Атамұра 1997

2.Хазарова В.М., Тяпушкина С.Ю., Тематика контрольных работ по курсу «Основы изобразительного искусства с методикой руководства изобразительной деятельностью детей школьного возраста» М.,1975.

3.Загребальная – Раупова И.Учебно- методическое пособие по изо искусству для преподавательей начальных классов средних и спец. Школ. Дет садови худ. Студ. Алматы. Өнер.1997.

10-зертханалық жұмыс. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыру.

Сабақтың мақсаты: Балалардың бейнелеу іс-әрекетін қалыптастыруда балабақша мен мектептерде бейнелеу өнері бойынша жүргізілетін сабақтардың бағдарламалары балалардың өз ортасына және өнер шығармаларына деген эстетикалық көзқарастарын, шығармашылық іскерлік пен қиялдың дамуын, бейнелеу іскерлігімен дағдысын, меңгеруді қарастыру.

Зертханалық іскерлік, дағдысын қалыптастыруға арналған тапсырмалар:

1. Тәрбиешінің өнерді оқып үйренуі және практикалық дайындығы.
2. Көркем білімдерді және практикалық іс-әрекеттерді арттыру.
 1. Бейнелеу іс-әрекеті жұмыстарын жоспарлаудың негізгі принциптері.
 2. Сабақты жоспарлауда педагогтарға көрсетілетін күнделікті көмек.
 3. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар.
 - 4.Мектеп жасына дейінгі балаларымен бейнелеу өнері сабақтарын ұйымдастыру.

Әдістемелік нұсқау:

1-тапсырма бойынша: а). Эстетикалық тәрбие мәселелері жөніндегі педагогикалық конференциялардың жинақтарын қараңыздар, қандай мәселелер қаралғанын жазып әр қаралған мәселелерді түсіндіру.

б). Соңғы екі жыл ішіндегі «Тәрбиешілерге көмек», «Үйілмен және балабақша» журналдарынан бейнелеу іс-әрекеті жөніндегі мақалалардың библиографиясын жасау.

2-тапсырма бойынша: Бағдарламаның әрбір бөлімі бойынша жоспар жасаңыз.

а). Мектепке дейінгі ұйымда балалардың бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыру түрлерін кестеге түсіру.

б). «Үйелмен және балабақша» журналынан тақырып бойынша мақалалардан каталог құру.

3-4 тапсырма бойынша: Сабақты жоспарлауда педагогтарға күнделікті көрсетілетін көмекті көрсету.

а). Бағдарламаның әрбір бөлімі бойынша жоспар жасау.

б). Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлерін кесте бойынша көрсету.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыру түрлерін кестеге түсіру үшін, ең алдымен олардың жас ерекшелігіне қарай орындалатын іс-әрекеттерінің сипаттарын оқу.

Теориялық талдауға ұсынылған сұрақтар:

1. Сурет салу, мүсін жасау, аппликация жөніндегі дайындық балалармен жұмыс жасауға қалай көмектеседі?
2. Бейнелеу өнерін білу тәрбиешінің практикалық дайындығы үшін не береді?
3. Тәрбиешіге бейнелеу өнері саласындағы білім неліктен қажет?
4. Бағдарламаның бөлімдері бойынша жоспар құру.
5. Сабақтар типі бойынша жоспарлау.
6. Бейнелеу іс әрекеті бойынша жоспарлау.
7. Сабақтардың заттық және сюжеттік мазмұнын іріктеу деніміз не?
8. Бейнелеу іс әрекеті жөніндегі бағдарламаны балалардың игеруін сипаттау.
9. Сурет салу, мүсін жасау, аппликация және конструкция жөніндегі сабақтарды жоспарлаудың принциптері қандай?
10. Бағдарламаның әрбір бөлімі бойынша бағдарламалық мазмұн қалай жоспарланады?
11. Жоспарлау кезінде сабақтардың алуан типтері қалай ескеріледі?
12. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері қандай?
13. Мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушыларымен бейнелеу өнері сабақтарын ұйымдастыру ерекшеліктері неде?

Негізгі әдебиеттер:

1. Сакулина Н.П. және Каморова Т.С. Балалар бақшасындағы бейнелеу жұмысы. Оқу құралы. А., 1978.
2. Халезова Н.Б. т.б. Балалар бақшасының пішіндеу жұмыстары. Құрал, А., 1978.
3. Богатеева З.А. Мотивы народных орнаментов в детских аппликациях. - М., 19886.
4. Халезова Н.Б., Курочкина Н.А., Пантюхина Г.Г. Лепка в детском саду. – М., 1986

Қосымша әдебиеттер:

1. Шпикалова Т.Я. Изобразительное искусство. Основы народного и декоративно-прикладного искусства. – М., 1996.
2. Программа «Изобразительного искусства» 1-4 кл. Одиннадцатилетней школы. Автор программы: Т.А. Левченко, Алматы, 1997
3. Изобразительное искусство. Методическое руководство для учителей 3 кл. Алматы, Атамұра 1997

Мазмұны

Түсініктеме.....	3
1-зертханалық жұмыс. Бейнелеу өнері іс-әрекеті курсының пәні мен міндеттері.....	4
2-зертханалық жұмыс. Бейнелеу өнерінің теориясы, оның түрлері мен жанрлары.....	5
3-зертханалық жұмыс. Шетел және отандық бейнелеу өнерінің даму сатылары.....	8
4-зертханалық жұмыс. Бейнелеу іс – әрекетіне үйрету әдістерінің дамуына қысқаша шолу.....	10
5-зертханалық жұмыс. Әр түрлі жас топтарында бейнелеу іс – әрекетін ұйымдастыру.....	11
6-зертханалық жұмыс. Әр түрлі жас топтарында сурет салуға үйрету және олардың шығармашылықтары.....	13
7-зертханалық жұмыс. Әр түрлі жас топтарында мүсіндеуге үйрету және олардың шығармашылықтары.....	15
8-зертханалық жұмыс. Әр түрлі жас топтарында жапсырмалауға үйрету және олардың шығармашылықтары.....	17
9-зертханалық жұмыс. Әр түрлі жас топтарында конструкциялауға үйрету және олардың шығармашылықтары.....	19
10-зертханалық жұмыс. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың бейнелеу іс – әрекетін ұйымдастыру.....	22

